

**Білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты,
инновациялар және цифрландыру**

**Образовательная политика, инновации
и цифровизация в образовательном процессе**

**Educational policy, innovation and digitalization
in the educational process**

FTAMP 14.35.07

DOI 10.59941/2960-0642-2025-2-10-20

Формальды емес білім беру мәселесі бойынша ағымдағы зерттеулердің талдауы

Н. Н. Оспанова*¹, А. Қ. Каирбаева¹, Р. С. Куанышева¹, Н. К. Токжигитова¹

¹ «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар қ., Қазақстан

*nazira_n@mail.ru



Аңдатпа. Бұл мақалада экономика мен технологияның қарқынды өзгеруі жағдайында өзектілігі артып отырған формальды емес оқытудың дамуы мен білім алуды қолжетімді етудің негізгі бағыттары қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қоғамның жылдам өзгеретін талаптарына сай білім берудің икемді формаларына сұраныстың артуымен және өмір бойы білім алу қажеттілігімен негізделеді. Мақаланың мақсаты – формальды емес оқытудың теориялық негіздерін, халықаралық озық тәжірибелерін және Қазақстандағы білім беру мекемелеріндегі қазіргі жай-күйін талдау арқылы оны дамыту мен жалпы білім беру жүйесіне интеграциялаудың тиімді жолдарын ұсыну. Зерттеу әдістері ретінде Қазақстанның нормативтік-құқықтық актілері мен халықаралық құжаттарға талдау жасау, Web of Science және Scopus платформаларындағы ғылыми жарияланымдарға шолу, сондай-ақ салыстырмалы талдау және жүйелік-кешенді талдау қолданылды. Зерттеу нәтижелерінде Қазақстандағы формальды емес оқытудың негізгі мәселелері – қаржыландырудың жеткіліксіздігі, оқыту нәтижелерін тану жүйесінің болмауы және нормативтік-құқықтық базаны жаңарту қажеттілігі – анықталды. Оңтүстік Корея, Австралия және Швециядағы біліктілікті тану жүйелерінің табысты енгізілуі сияқты озық халықаралық тәжірибелер зерттелді. Мақаланың құндылығын арттыру үшін формальды емес оқытуға қатысушылар санының өсу үрдісі, онлайн платформалардың дамуы сияқты кейбір сандық өзгерістерге жалпы шолу жасалды. Қашықтықтан оқыту мен онлайн-платформалардың білімді қолжетімді етудегі және сапаны арттырудағы маңызды рөлі атап өтілді. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда формальды емес оқыту саласындағы саясатты жетілдіруге және білім беруді баршаға қолжетімді ететін стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеуге негіз бола алады.



Кілтті сөздер: формальды емес оқыту, қолжетімді білім беру, білім беру бағдарламалары, біліктілікті тану, нормативтік актілер.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Оспанова, Н. Н., Каирбаева, А. Қ., Қуанышева, Р. С., Токжигитова, Н. К. Формальды емес білім беру мәселесі бойынша ағымдағы зерттеулердің талдауы [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №2. – Б. 10–20.

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру қоғам дамуының стратегиялық ресурсы ретінде экономикалық өсуді, инновациялық әлеуетті және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады [1]. Ол тек зияткерлік капиталды қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік инклюзия мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады. Алайда, технологиялардың жедел дамуы, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер және жаһандану үдерістері дәстүрлі формальды білім беру жүйелерінің алдына жаңа сын-қатерлер қойып, олардың икемділігі мен бейімделгіштігін арттыру қажеттігін туындатуда [2]. Осыған орай, өмір бойы білім алу тұжырымдамасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде формальды емес білім берудің өзектілігі арта түсуде.

Формальды емес білім беру – бұл формальды білім беру жүйесінен тыс, бірақ ұйымдасқан, мақсатты оқыту қызметі арқылы жеке тұлғаның білімі мен дағдыларын арттыруға бағытталған білім берудің бір түрі. Ол өзін-өзі оқыту, тәлімгерлік, жұмыс орнында оқыту, қысқа мерзімді курстар, онлайн-платформалар арқылы ұсынылатын білім беру бағдарламалары сияқты кең ауқымды қамтиды. Формальды емес білім берудің негізгі артықшылықтарына оның икемділігі, қолжетімділігі, оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделу мүмкіндігі, сондай-ақ нарық талаптарына жылдам жауап беру қабілеті жатаыны көптеген зерттеулерде атап өтілген. Бұл артықшылықтар әсіресе ересектер, жұмыс істейтін мамандар және мансаптық бағытын өзгерткісі келетін тұлғалар

үшін тартымды етеді. Сонымен қатар, ол сыни ойлау, проблемаларды шешу, коммуникация және командада жұмыс істеу сияқты soft skills дамытуда маңызды рөл атқаратыны дәлелденген [3].

Қазақстанда формальды емес білім беруді дамытудың өзектілігі бірқатар стратегиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлармен айқындалады. Біріншіден, елдің ұзақ мерзімді даму стратегияларында, атап айтқанда, «Қазақстан-2050» Стратегиясында және Қазақстан Республикасының (ҚР) 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында адами капиталдың сапасын арттыру, инновациялық экономиканы қалыптастыру және халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізгі басымдықтар ретінде белгіленген [4]. Бұл мақсаттарға жетуде формальды емес білім беру маңызды құрал бола алады. Екіншіден, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, бұл еңбек нарығының талаптарына сай біліктілікті үздіксіз арттыру және қайта даярлау қажеттігін көрсетеді. Үшіншіден, «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы аясында өмір бойы білім алу жүйесін дамыту, цифрлық сауаттылықты арттыру және оның нәтижелерін тану тетіктерін енгізу көзделген. Бұл мемлекеттік деңгейде аталған білім беру түрінің маңыздылығы мойындалып отырғанын білдіреді. Алайда, осыған қарамастан, Қазақстанда формальды емес оқыту жүйесінің дамуында бірқатар кедергілер мен шешілмеген мәселелер (қаржыландырудың жеткіліксіздігі, нәтижелерді танудың бірыңғай жүйесінің болмауы, нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуі) бар екені байқалады [5].

Зерттеудің мақсаты – формальды емес білім беру саласындағы халықаралық озық теориялар мен практикаларды, Қазақстандағы осы білім беру саласының қазіргі жай-күйін, даму үрдістері мен негізгі кедергілерін жүйелі түрде талдау және сыни бағалау арқылы, оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізетін әсерін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар мен практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесідей негізгі зерттеу сұрақтары қойылды:

- Формальды емес білім берудің заманауи тұжырымдамалары қандай және олардың Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы әлеуеті қандай?
- Бұл оқыту түрін дамытудағы және оның нәтижелерін танудағы халықаралық озық тәжірибелер (мысалы, Оңтүстік Корея, Австралия, Швеция) Қазақстан үшін қандай маңызды сабақтар береді және оларды жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеудің тиімді жолдары қандай?
- Қазақстанда формальды емес оқытудың тиімді дамуына кедергі келтіріп отырған негізгі жүйелік мәселелер (институционалдық, нормативтік-құқықтық, қаржылық, ақпараттық) қандай және оларды шешу үшін қандай нақты шаралар кешенін ұсынуға болады?

Осы шолу мақаласының нәтижелері аталған білім беру саласының Қазақстандағы даму стратегиясын қалыптастыруға, білім беру саясатын жетілдіруге және халықтың барлық топтары үшін сапалы әрі қолжетімді білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге үлес қосады деп күтіледі.

Материалдар мен әдістер

Формальды емес білім беру мәселесі бойынша ағымдағы ғылыми әдебиеттерге, халықаралық ұйымдардың есептеріне және Қазақстан Республикасының ресми құжаттарына негізделген кешенді шолу

және сыни талдау әдіснамасын қолданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – аталған білім беру саласындағы теориялық тәсілдерді, эмпирикалық деректерді, саяси бастамаларды және практикалық тәжірибелерді жүйелеу, салыстыру және синтездеу арқылы Қазақстанда формальды емес оқытуды дамыту бойынша негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар жасау.

Ақпарат көздерін іздеу және іріктеу стратегиясы. Зерттеу үшін қажетті ақпарат 2010–2024 жылдар аралығында жарияланған дереккөздерден мақсатты іздеу арқылы жиналды. Негізгі ақпараттық ресурстар ретінде халықаралық академиялық дерекқорлар (Web of Science, Scopus, Google Scholar), сондай-ақ ресейлік (Cyberleninka, eLibrary.ru) және қазақстандық (Ұлттық ғылыми портал, университет репозиторийлері) ғылыми-электрондық кітапханалар пайдаланылды. Іздеу стратегиясы келесі негізгі кілт сөздер мен олардың тіркесімдерін (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) қамтыды: «формальды емес оқыту/неформальное образование/non-formal education», «өмір бойы білім алу/непрерывное образование/lifelong learning», «біліктілікті тану/признание квалификации/recognition of prior learning (RPL)», «ересектерді оқыту/образование взрослых/adult education», «онлайн білім беру/онлайн-обучение/online learning», «білім беру саясаты/образовательная политика/education policy», «Қазақстан/Kazakhstan».

Сонымен қатар, ЮНЕСКО, Еуропалық Одақ (Cedefop, ETF), Дүниежүзілік Банк сияқты халықаралық ұйымдардың осы білім беру түріне, біліктілік жүйелеріне және еңбек нарығына қатысты жарияланған есептері, шолулары, статистикалық жинақтары мен саяси ұсынымдары мұқият зерделенді. Қазақстан контекстін талдау үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Ұлттық статистика бюросы, «Атамекен» ҰКП сияқты ұйымдардың ресми сайттарындағы стратегиялық құжаттар, тұжырымдамалар, нормативтік-құқықтық актілер және статистикалық деректер пайдаланылды [5].

Іріктеу критерийлеріне дереккөздің ғылыми маңыздылығы, зерттеу тақырыбына тікелей қатыстылығы, әдіснамалық негізділігі, жарияланымның беделі (рецензияланатын журналдар, беделді ұйымдар) және ақпараттың өзектілігі жатқызылды. Бастапқы іздеу нәтижесінде анықталған 100-ден астам дереккөзден атаулары мен аннотациялары бойынша алдын ала іріктеуден кейін, толық мәтіндері талданып, зерттеу сұрақтарына жауап беруге ықпал ететін 15-20 негізгі жарияланым (ғылыми мақалалар, монографиялар, саяси құжаттар, халықаралық есептер) тереңдетілген талдауға алынды.

Деректерді талдау және синтездеу әдістері. Жиналған және іріктелген ақпаратты өңдеу, талдау және синтездеу үшін келесі негізгі әдіснамалық тәсілдер қолданылды:

- Тақырыптық талдау: әдебиеттердегі негізгі идеяларды, тұжырымдарды, үрдістер мен проблемаларды анықтап, оларды мағыналық тақырыптар мен санаттарға топтастыру арқылы формальды емес оқыту саласындағы білімнің қазіргі жай-күйі жүйеленді. Бұл әдіс зерттеу сұрақтарына жауап берудің негізгі құралы болды.
- Нормативтік-құқықтық және құжаттық талдау: Қазақстандық және халықаралық заңнамалық актілер, стратегиялық құжаттар мен ресми есептердің мазмұны аталған оқыту түрін реттеу, қолдау және дамыту тетіктері тұрғысынан талданды.
- Салыстырмалы талдау: Оңтүстік Корея, Австралия, Швеция сияқты елдердің формальды емес білім беру және біліктілікті тану жүйелерінің озық тәжірибелері мен модельдері Қазақстанның ерекшеліктерімен салыстырылып, оларды бейімдеудің ықтимал жолдары мен қиындықтары қарастырылды.
- Сыни талдау: әртүрлі авторлардың көзқарастары, зерттеу әдістері мен нәтижелері сыни тұрғыдан бағаланып, бұл білім беру саласындағы білім олқылықтары, қайшылықты пікірлер

және болашақ зерттеу бағыттары анықталды.

Талданған әдебиеттерде келтірілген сапалық (сараптамалық бағалаулар, жағдайлық зерттеулердің сипаттамасы) және сандық (статистикалық көрсеткіштер, сауалнамалардың негізгі нәтижелері) деректер формальды емес оқытудың әртүрлі аспектілерін сипаттау, негіздеу және салыстыру үшін пайдаланылды. Алынған ақпаратты кешенді түрде синтездеу арқылы зерттеудің негізгі тұжырымдары жасалып, практикалық ұсыныстар әзірленді. Бұл әдіснамалық тәсілдердің жиынтығы зерттеу нәтижелерінің негізділігін, сенімділігін және ғылыми құндылығын қамтамасыз етуге бағытталды.

Нәтижелер және талқылау

Жүргізілген әдебиеттерге шолу және құжаттарды талдау негізінде формальды емес білім берудің дамуындағы негізгі үрдістер, Қазақстандағы ерекшеліктері, оның алдында тұрған мәселелер және халықаралық озық тәжірибелер бойынша келесідей негізгі нәтижелер анықталды:

Қазақстандағы формальды емес білім берудің қазіргі жағдайы және даму үрдістері. Талданған дереккөздерге сәйкес, Қазақстанда формальды емес оқыту адами капиталды дамытудың және еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделудің маңызды құралы ретінде қарастырылуда. Ұлттық деңгейдегі стратегиялық құжаттарда, атап айтқанда, Қазақстандағы білім беру жөніндегі Ұлттық баяндамада, білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ретінде адами капиталдың сапасын арттыру, технологиялық жаңғыртуға негіз құру және қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету белгіленген. Осы мақсаттарға жетуде бұл білім беру түрінің рөлі өмір бойы білім алу және дағдыларды үздіксіз жетілдіру мүмкіндігін ұсыну арқылы ерекшеленеді [6].

Елде аталған оқыту саласын қолдауға бағытталған бірқатар мемлекеттік және жеке бастамалар жүзеге асырылуда. Мысалы, «Бастау Бизнес» және «Серпін»

сияқты бағдарламалар халықтың әртүрлі топтарының, әсіресе жастар мен жұмыссыздардың кәсіпкерлік және кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл бағдарламаларға қатысушылар санының жыл сайын артуы формальды емес оқытуға деген сұраныстың өсіп келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, мұндай бағдарламалардың ұзақ мерзімді тиімділігін және олардың еңбек нарығындағы нақты өзгерістерге әсерін бағалайтын жүйелі зерттеулер әлі де жеткіліксіз [7].

Онлайн білім беру платформалары мен жаппай ашық онлайн курстардың (ЖАОК) дамуы Қазақстанда формальды емес білім берудің қолжетімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Ұлттық онлайн-білім беру платформалары арқылы әртүрлі бағыттар бойынша курстар ұсынылып, бұл халықтың кең тобына жаңа білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік беруде. Алайда, онлайн оқытудың сапасын қамтамасыз ету, оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін арттыру және білім алушылардың өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру мәселелері өзекті болып қалуда [8].

Қазақстандағы формальды емес білім беруді дамытудағы негізгі кедергілер мен мәселелер. Жүргізілген талдау Қазақстанда формальды емес оқытудың тиімді дамуына кедергі келтіретін бірқатар жүйелі мәселелердің бар екенін көрсетті:

- Қаржыландырудың жеткіліксіздігі және тұрақсыздығы: бұл білім беру саласындағы бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру және сапасын арттыру үшін тұрақты және жеткілікті қаржыландырудың болмауы негізгі кедергілердің бірі болып табылады [9]. Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың шектеулілігі және жеке сектордың осы салаға инвестиция салуға қызығушылығының төмендігі байқалады.
- Нәтижелерді танудың бірыңғай және тиімді жүйесінің болмауы: Қазақстанда формальды емес оқыту арқылы алынған білім, дағдылар мен құзыреттерді формальды білім беру жүйесінде және еңбек нарығында ресми түрде тану тетіктері әлі де толық қалыптас-

паған [9]. Бұл оның тартымдылығын төмендетіп, азаматтардың мансаптық өсуіне кедергі келтіруі мүмкін.

- Нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуі: формальды емес білім беруді реттейтін қолданыстағы заңнама халықаралық стандарттарға және еңбек нарығының қазіргі талаптарына толық сәйкес келмейді [9]. Атап айтқанда, оның нәтижелерін тану рәсімдерінің күрделілігі, құжат талап етудің міндеттілігі сияқты мәселелер икемділікті шектейді.
- Ақпараттың жеткіліксіздігі және үйлестірудің әлсіздігі: халық арасында формальды емес оқытудың мүмкіндіктері туралы ақпараттың аз таралуы, сондай-ақ бұл саладағы әртүрлі тараптар (мемлекеттік органдар, білім беру ұйымдары, жұмыс берушілер) арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі байқалады [9].

Формальды емес білім беру нәтижелерін тану: Қазақстандық тәжірибе және халықаралық үрдістер. Формальды емес оқыту нәтижелерін тану (Recognition of Prior Learning - RPL) оны формальды білім беру жүйесіне және еңбек нарығына интеграциялаудың маңызды шарты болып табылады. Қазақстанда бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалуда. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі мен ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы бірлескен бұйрығымен осы оқыту түрінің нәтижелерін танудың төрт кезеңдік рәсімі бекітілген. Бұл рәсім білім беру ұйымдарында оқудан тыс жолмен алынған білімді есепке алуға бағытталған. Алайда, бұл жүйенің практикалық іске асырылуы, оның тиімділігі және еңбек нарығындағы мойындалуы әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді [9].

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, Оңтүстік Корея, Австралия, Швеция сияқты елдерде формальды емес білім беру нәтижелерін танудың тиімді және жан-жақты жүйелері қалыптасқан. Бұл елдерде:

- Ұлттық біліктілік шеңберлері (National Qualifications Frameworks - NQF) оның

нәтижелерін формальды біліктіліктермен сәйкестендіруге негіз болады.

- Арнайы бағалау орталықтары мен стандартталған рәсімдер тану процесінің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
- Жұмыс берушілердің белсенді қатысуы формальды емес оқыту арқылы алынған дағдылардың еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді.
- Ақпараттық-кеңес беру қызметтері азаматтарға RPL мүмкіндіктері туралы ақпарат береді.

Халықаралық тәжірибелер Қазақстанда аталған білім беру саласының нәтижелерін тану жүйесін одан әрі дамыту үшін құнды бағдар бола алады.

Әдебиеттерге жасалған шолу мен құжаттарды талдау нәтижесінде Қазақстандағы формальды емес білім берудің дамуындағы маңызды үрдістер, өзекті мәселелер және халықаралық озық тәжірибелер анықталды. Алынған нәтижелерді талқылау бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды:

- Қазақстандағы формальды емес оқытудың дамуындағы қайшылықтар мен мүмкіндіктер.
- Халықаралық тәжірибені бейімдеудің маңыздылығы мен шектеулері.
- Зерттеудің шектеулері.
- Болашақ зерттеу бағыттары.

Нәтижелер көрсеткендей, Қазақстанда формальды емес білім берудің маңыздылығы мемлекеттік деңгейде мойындалып, оны дамытуға бағытталған белгілі бір қадамдар жасалуда (мысалы, "Бастау Бизнес", "Серпін" бағдарламалары, осы оқыту түрінің нәтижелерін тану ережелерінің қабылдануы). Бұл үрдіс көптеген дамушы елдерде байқалатын жалпы тенденциялармен үндеседі, онда аталған білім беру саласы адами капиталды дамытудың және экономиканы әртараптандырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Алайда, осы оң үрдістерге қарамастан, формальды емес оқытуды қаржыландырудың жет-

кіліксіздігі, нәтижелерді тану жүйесінің толыққанды қалыптаспауы және нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуі сияқты жүйелі мәселелер оның әлеуетін толық ашуға кедергі келтіруде. Бұл қайшылықтар бұл саланы дамытуға деген саяси ерік-жігер мен оны іске асыру тетіктері арасындағы алшақтықты көрсетеді. Бұл мәселелерді шешу үшін, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам институттарының кешенді және үйлесімді іс-қимылы қажет [9].

Қазақстанда формальды емес білім беруді дамыту үшін айтарлықтай әлеует бар. Ішкі көші-қон, жаңа экономиканың кадрларға деген қажеттілігі, азаматтардың білімге деген ұмтылысы, цифрлық технологиялардың таралуы сияқты факторлар оған деген сұранысты арттырады. Әсіресе, онлайн білім беру платформалары мен ЖАОК-тардың дамуы формальды емес оқытуды халықтың кең тобына, соның ішінде шалғай аймақтардағы тұрғындарға қолжетімді етуге зор мүмкіндік береді. Алайда, бұл мүмкіндіктерді толыққанды пайдалану үшін цифрлық теңсіздікті азайту, онлайн оқытудың сапасын арттыру және білім алушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту қажет [10].

Оңтүстік Корея, Австралия, Швеция сияқты елдердің формальды емес оқыту және оның нәтижелерін тану саласындағы озық тәжірибелері Қазақстан үшін құнды сабақтар береді. Бұл елдерде қалыптасқан ұлттық біліктілік шеңберлері, стандартталған бағалау рәсімдері және жұмыс берушілердің белсенді қатысуы аталған білім беру түрінің тиімділігін арттыруға ықпал еткен. Алайда, бұл тәжірибелерді Қазақстан жағдайына тікелей көшіру мүмкін емес. Әр елдің өзіндік әлеуметтік-экономикалық, мәдени және институционалдық ерекшеліктері бар. Сондықтан, халықаралық тәжірибені бейімдеу кезінде жергілікті контексті ескеру, кезең-кезеңмен енгізу және пилоттық жобалар арқылы сынақтан өткізу маңызды. Мысалы, Қазақстанда формальды емес білім беру нәтижелерін тану жүйесін дамытуда, алдымен, негізгі салалар мен кәсіптер бойынша стандарттарды әзір-

леуге және жұмыс берушілердің сенімін арттыруға баса назар аудару қажет болуы мүмкін [11].

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар екенін атап өткен жөн. Біріншіден, шолу негізінен жарияланған ғылыми әдебиеттер мен ресми құжаттарға негізделген. Формальды емес оқыту саласындағы кейбір практикалық аспектілер мен жасырын кедергілер тереңірек эмпирикалық зерттеуді (мысалы, сарапшылармен сұхбаттасу, жағдайлық талдаулар) қажет етуі мүмкін. Екіншіден, Қазақстанда осы білім беру түрінің тиімділігі мен экономикалық әсерін бағалайтын арнайы статистикалық деректер мен зерттеулердің аздығы талдаудың тереңдігіне белгілі бір шектеулер қойды. Үшіншіден, формальды емес білім беру – бұл өте динамикалық сала, сондықтан бұл шолу жарияланған кезде кейбір ақпараттардың өзектілігі өзгеруі мүмкін.

Шолудың нәтижелері формальды емес оқыту саласындағы бірқатар болашақ зерттеу бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- Қазақстанда қабылданған осы оқыту түрінің нәтижелерін тану ережелерінің практикалық іске асырылу тиімділігін бағалау және оны жетілдіру жолдарын зерттеу.
- Әртүрлі салалардағы (мысалы, IT, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету) формальды емес білім беру бағдарламаларының еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкестігін және түлектердің жұмысқа орналасуына әсерін зерттеу.
- Формальды емес оқытуды қаржыландырудың тұрақты және тиімді модельдерін (мысалы, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік, ваучерлік жүйе) Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндіктерін зерттеу.
- Микробіліктіліктер (micro-credentials) мен нано-дәрежелердің (nano-degrees) Қазақстандағы формальды емес білім беру жүйесіне интеграциялану әлеуетін және олардың еңбек нарығындағы құндылығын зерттеу.

- Осы білім беру түрінің әртүрлі әлеуметтік топтарға (мысалы, NEET жастары, мүмкіндігі шектеулі жандар, ауыл тұрғындары) қолжетімділігін арттыру және олардың инклюзивті білім алуын қамтамасыз ету мәселелерін тереңдетіп зерттеу.

Зерттеу бағыттары Қазақстанда формальды емес оқыту саласындағы білімді тереңдетіп, дәлелге негізделген саясатты қалыптастыруға ықпал етеді [12].

Қорытынды

Бұл зерттеу формальды емес білім берудің теориялық негіздерін, халықаралық озық тәжірибелерін және Қазақстандағы қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын кешенді талдауға арналды. Жүргізілген әдебиеттерге шолу және құжаттарды талдау негізінде келесідей негізгі тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, формальды емес оқыту заманауи қоғамда өмір бойы білім алу тұжырымдамасының ажырамас бөлігі ретінде, жеке тұлғаның кәсіби және тұлғалық дамуына, еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделуіне және адами капиталдың сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Оның икемділігі, қолжетімділігі және практикалық бағыттылығы формальды білім беру жүйесін тиімді толықтыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қазақстанда бұл білім беру түрін дамытуға мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, белгілі бір қадамдар жасалғанымен, оның әлеуетін толыққанды іске асыруға кедергі келтіретін жүйелі мәселелер (қаржыландырудың жеткіліксіздігі, формальды емес оқыту нәтижелерін тану тетіктерінің толық қалыптаспауы, нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуі, ақпараттық-үйлестіру жұмыстарының әлсіздігі) сақталуда. Бұл мәселелерді шешу кешенді тәсілді және барлық мүдделі тараптардың (мемлекет, білім беру ұйымдары, жұмыс берушілер, азаматтық қоғам) белсенді қатысуын талап етеді.

Үшіншіден, Оңтүстік Корея, Австралия, Швеция сияқты елдердің формальды емес білім беру және оның нәтижелерін тану саласындағы озық тәжірибелері Қазақстан үшін құнды бағдар бола алады. Алайда, бұл тәжірибелерді жергілікті әлеуметтік-экономикалық және институционалдық ерекшеліктерді ескере отырып, сыни тұрғыдан талдап, кезең-кезеңмен бейімдеу қажет. Әсіресе, ұлттық біліктілік шеңберін жетілдіру, стандартталған бағалау рәсімдерін енгізу және жұмыс берушілердің сенімін арттыру маңызды бағыттар болып табылады.

Жалпы алғанда, осы зерттеу аталған білім беру саласының Қазақстандағы даму стратегиясын қалыптастыруға және білім беру саясатын жетілдіруге ықпал ететін бірқатар теориялық және практикалық мәселелерді айқындады. Формальды емес оқытуды тиімді дамыту арқылы еліміздің адами капиталын нығайтуға, халықтың барлық топтары үшін сапалы білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге және қоғамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге болады. Болашақ зерттеулер осы шолуда анықталған негізгі мәселелерді тереңірек эмпирикалық тұрғыдан зерттеп, нақты шешім жолдарын ұсынуға бағытталуы тиіс. Формальды емес оқыту нәтижелерін танудың тиімді жүйесін құру, бағдарламалардың сапасын жүйелі түрде бақылау және бағалау сияқты шаралар осы саладағы оң өзгерістерге алып келері сөзсіз [12].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен бөлінетін жобаны гранттық қаржыландыру (№AP23485289) шеңберінде орындалды.

Қолданылған деректер тізімі

1. Osiesi, M. P., Blignaut, S. Impact of the teacher education curriculum on the development of 21st-Century skills: Pre-service teachers' perceptions // *Social Sciences & Humanities Open*. – 2025. – V. 11. – P. 101317. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ssho.2025.101317>.
2. Agarwal, V., Verma, P., Ferrigno, G. Education 5.0 challenges and sustainable development goals in emerging economies: A mixed-method approach // *Technology in Society*. – 2025. – Vol. 81. – P. 102814. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2025.102814>.
3. Zuhroh, D. et al. The impact of sharing economy platforms, management accounting systems, and demographic factors on financial performance: Exploring the role of formal and informal education in MSMEs // *Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity*. – 2025. – V. 11. – №. 1. – P. 100447.
4. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы [Электронды ресурс] // URL: https://akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (қаралған күні 12.12.2024).
5. Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033580> (қаралған күні 12.12.2024).
6. Акишева, А. К., Кенжегулова, А. С. Актуальные проблемы обучения в течение всей жизни // *Международный журнал экспериментального образования*. – 2020. – № 2. – С. 25-29.
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 23 тамыздағы № 513 және «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000521> (қаралған күні 13.12.2024).
8. Zhang, J., Huang, Y., Wu, F., Kan, W., Zhu, X. Scaling up online professional development through institution-initiated blended learning programs in higher education [Text] // *The Internet and Higher Education*. – 2025. – Vol. 65. – Article 100988. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.iheduc.2024.100988.9>.
9. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (қаралған күні 15.12.2024).
10. Тлеужанова, Г.К., Асанова, Д.Н., Каримова, Г.С., Джолданова, Д.К. К проблеме конвергенции формального и неформального образования в процессе профессиональной иноязычной подготовки [Текст] // *Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика»*. – 2024. – Т. 29, № 2(114). – С. 152–160. – DOI: <https://doi.org/10.31489/2024Ped2/152-160>.
11. Global Education Monitoring Report Team. Global education monitoring report summary, 2024/5: Leadership in education: lead for learning. – 2024. –

DOI: <https://doi.org/10.54676/ZNLI9227>.

12. **Жампеисова, К.К., Хан, Н.Н., Колумбаева, Ш.Ж.** Основные подходы к разработке нового содержания педагогического образования Республики Казахстан // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2022. – 74(2), С. 3–13. – DOI: <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.01>.

References

1. **Osiesi, M. P., Blignaut, S.** Impact of the teacher education curriculum on the development of 21st-Century skills: Pre-service teachers' perceptions // *Social Sciences & Humanities Open*. – 2025. – V. 11. – P. 101317. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2025.101317>.
2. **Agarwal, V., Verma, P., Ferrigno, G.** Education 5.0 challenges and sustainable development goals in emerging economies: A mixed-method approach // *Technology in Society*. – 2025. – Vol. 81. – P. 102814. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2025.102814>.
3. **Zuhroh, D. et al.** The impact of sharing economy platforms, management accounting systems, and demographic factors on financial performance: Exploring the role of formal and informal education in MSMEs // *Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity*. – 2025. – V. 11. – №. 1. – P. 100447. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.joitmc.2024.100447>.
4. «Qazaqstan – 2050» Strategiasy [Elektrondy resurs] // URL: https://akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (qaralğan küni 12.12.2024).
5. Formaldy emes bilim beru arqyly alynğan oqytu nätijelerin, sondai-aq käsıptik biliktıltı tanu nätijelerin tanu qağıdalaryn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ğylym jäne joğary bilim ministrınıń 2023 jylğy 24 qazandağy № 544 jäne Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministrınıń 2023 jylğy 24 qazandağy № 322 birlesken büıryğy [Joint order of the minister of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan dated October 24, 2023 No. 544 and Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated October 24, 2023 No. 322 on approval of the rules for recognizing the results of training obtained through informal education, as well as the results of recognition of professional qualifications] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033580> (qaralğan küni 12.12.2024).
6. **Akisheva, A. K., Kenzhegulova, A. S.** Aktual'nye problemy obuchenija v techenie vsej zhizni [Current problems of lifelong learning] // *Mezhdunarodnyj zhurnal jeksperimental'nogo obrazovanija*. – 2020. – № 2. – S. 25-29.
7. Qazaqstan Respublikasy Ükimetınıń "Nätijeli jumyspen qamtudy jäne jappai käsıperlıktı damytudyń 2017 – 2021 jylдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға jaña biznes-ideialardy iske asyruğa арналған мемлекеттік granttar beru қағидalaryn bekıtu turaly" 2018 jylğy 23 тамыздаğy № 513 jäne "Nätijeli jumyspen qamtudy jäne jappai käsıperlıktı damytudyń 2017 – 2021 jylдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын bekıtu turaly" 2018 jylğy 13 qaraşadağy № 746 қаулыларына өзгерister men tolyqtyru engizu turaly [On amendments and additions to the resolutions of the Government of the Republic of Kazakhstan dated August 23, 2018 No. 513 "on approval of the rules for granting state grants for the implementation of new business ideas to participants of the state program for the development of productive employment and mass entrepreneurship for 2017-2021" and No. 746 of November 13, 2018" on approval of the state program for the development of productive employment and mass entrepreneurship for 2017-2021"] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000521>.
8. **Zhang, J., Huang, Y., Wu, F., Kan, W., Zhu, X.** Scaling up online professional development through institution-initiated blended learning programs in higher education [Text] // *The Internet and Higher Education*. – 2025. – Vol. 65. – Article 100988. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.iheduc.2024.100988.9>.
9. Qazaqstan Respublikasynda joğary bilimdy jäne ğylymdy damytudyń 2023 – 2029 jylдарға арналған tújyrymdamasyn bekıtu turaly [On approval of the concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (qaralğan küni 15.12.2024).
10. **Tleuzhanova, G.K., Asanova, D.N., Karimova, G.S., Dzholdanova, D.K.** K probleme konvergencii formal'nogo i neformal'nogo obrazovanija v processe professional'noj inozazychnoj podgotovki [Towards the problem of convergence of formal and non-formal education in the process of professional foreign language training] [Tekst] // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija «Pedagogika»*. – 2024. – T. 29, № 2(114). – S. 152–160. – DOI: <https://doi.org/10.31489/2024Ped2/152-160>.
11. Global Education Monitoring Report Team. Global education monitoring report summary, 2024/5: Leadership in education: lead for learning. – 2024. – DOI: <https://doi.org/10.54676/ZNLI9227>.
12. **Zhampeisova, K.K., Han, N.N., Kolumbaeva, Sh.Zh.** Osnovnye podhody k razrabotke novogo soderzhanija pedagogicheskogo obrazovanija Respubliki Kazahstan [The main approaches to the development of a new content of pedagogical education in the Republic of Kazakhstan] // *Vestnik KazNPU imeni Abaja. Serija: Pedagogicheskie nauki*. – 2022. – 74(2), S. 3–13. – DOI: <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.01>.

Анализ текущих исследований по неформальному обучению

Н. Оспанова^{1*}, А. Каирбаева¹, Р. Куанышева¹, Н. Токжигитова¹

¹Торайгыров университет, г. Павлодар, Казахстан



Аннотация. В статье рассматриваются ключевые направления развития неформального обучения и повышения доступности образования в условиях стремительных экономических и технологических изменений. Актуальность темы обусловлена растущим спросом общества на гибкие форматы образования, соответствующие быстро меняющимся требованиям, а также необходимостью обучения на протяжении всей жизни. Цель статьи – предложить эффективные пути развития и интеграции неформального обучения в систему образования, проанализировав его теоретические основы, передовой международный опыт и текущее состояние в Казахстане. Методы исследования включали анализ нормативно-правовых актов Казахстана и международных документов, обзор научных публикаций на платформах Web of Science и Scopus, а также сравнительный и системно-комплексный анализ. Выявлены три основные проблемы неформального обучения в Казахстане: недостаточное финансирование, отсутствие системы признания результатов обучения и необходимость обновления нормативно-правовой базы. Изучены успешные международные практики, такие как системы признания квалификаций, внедрённые в Южной Корее, Австралии и Швеции. Для повышения ценности исследования представлен общий обзор количественных тенденций, включая рост числа участников неформального обучения и развитие онлайн-платформ. Отмечена важная роль дистанционного образования и онлайн-платформ в расширении доступа к знаниям и повышении их качества. Полученные результаты могут служить основой для совершенствования политики в области неформального обучения в Казахстане и разработки стратегий и программ, обеспечивающих доступность образования для всех.



Ключевые слова: неформальное обучение, доступное образование, образовательные программы, признание квалификаций, нормативные акты.

Analysis of current research on non-formal education

N. Ospanova^{1*}, A. Kairbaeva¹, R. Kuanysheva¹, N. Tokzhigitova¹

¹Toraigrov University, Pavlodar, Kazakhstan



Abstract. This article explores the key avenues for expanding non-formal learning and increasing access to education amid rapid economic and technological change. The topic's relevance stems from society's growing demand for flexible educational formats that keep pace with evolving requirements and from the necessity of lifelong learning. The article aims to propose effective ways to develop and integrate non-formal learning into the education system by analysing its theoretical foundations, international best practices, and the current situation in Kazakhstan. The study employed several methods: an examination of Kazakhstan's regulatory and legal acts and relevant international documents; a review of scholarly publications indexed on the Web of Science and Scopus platforms; and comparative as well as systematic-comprehensive analyses. The findings identify three principal challenges for non-formal learning in Kazakhstan: insufficient funding, the

absence of a learning-outcome recognition system, and the need to update the regulatory framework. Successful international practices—such as the qualifications recognition systems implemented in South Korea, Australia, and Sweden—were also investigated. To enhance the article's value, it offers a general overview of quantitative trends, including the rising number of participants in non-formal learning and the growth of online platforms. The crucial role of distance education and online platforms in broadening access and improving quality is emphasised. These research results can serve as a basis for refining policies on non-formal learning in Kazakhstan and for developing strategies and programmes that make education accessible to everyone.



Key words: non-formal learning, accessible education, educational programs, qualification recognition, regulatory acts.

Материал баспаға 16.01.2025 келіп түсті